

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен инвестициялық портфельді басқарушы арасында жасалған зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы 18.02.2021 ж. №17/7/18-02-21/п шарттың үлгі нысанына

№8 Қосымша келісім

Алматы қ.

№ 17/7/20-02-26/17
(Қордағы тіркеу нөмірі)

«20» 02 2026 жыл

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы, Алматы қ. Әділет департаментінің Бостандық ауданының Әділет басқармасы берген мемлекеттік қайта тіркеу туралы 22.08.2013 ж. №15242-1910-АО анықтама, бұдан әрі «Қор» деп аталады, Жарғы негізінде іс-әрекет жасайтын Басқарма Төрағасы **Жанат Бостанович Курманов** арқылы,

Инвестициялық портфельді басқарушы **«Alatau City Invest» акционерлік қоғамы**, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға арналған 22.08.2025 ж. №3.2.239/16 лицензиясы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) 04124002875, бұдан әрі «Басқарушы» деп аталады, 05.01.2026 жылғы №1 сенімхаттың негізінде іс-әрекет жасайтын Басқарма Төрағасының орынбасары **Нурлан Вахапович Ашинов** арқылы,

бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп атала отырып, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен инвестициялық портфельді басқарушы арасында жасалған зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы 18.02.2021 ж. №17/7/18-02-21/п шарттың үлгі нысанына (бұдан әрі – Шарт) осы №8 Қосымша келісімді (бұдан әрі – Қосымша келісім) төмендегілер туралы жасады:

1. Шарттың 3-тармағы келесі редакцияда баяндалсын:

«3. Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Инвестициялық декларацияны Басқарушы әзірлейді және оны Басқарушының басқару органы бекітеді.».

2. Басқарушының Директорлар кеңесінің шешімімен (12.09.2025 ж. №12/09/25-01 хаттамасы) енгізілген өзгерістерді ескере отырып, Басқарушының Директорлар кеңесінің шешімімен (07.04.2025 ж. № 07/04/25-01 хаттамасы) бекітілген, Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын, Шарттың 3-тармағында көзделген инвестициялық декларация 27.01.2026 ж. №27/01/26-01 хаттамасымен ресімделген, Басқарушының Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Инвестициялық декларацияға ауыстырылсын.

3. Басқарушы Инвестициялық декларацияның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі үшін жауапты болады.









4. Шарттың барлық қалған талаптары өзгеріссіз қалады.

5. Қосымша келісім Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

6. Қосымша келісім Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптардың 2026 жылғы 27 қаңтардан бастап туындаған қатынастарына қолданылады.

7. Қосымша келісім Тараптардың әрқайсысы үшін 1 (бір) данадан, бірдей заңды күші бар, мемлекеттік және орыс тілдерінде бірдей 2 (екі) данада жасалды. Қосымша келісімнің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндері арасында қайшылықтар туындаған жағдайда, Қосымша келісімнің орыс тіліндегі мәтіні басым күшке ие болады.

Лист согласования

Наименование должности	Инициал имени, фамилия	Подпись	Примечание
Заместитель Председателя Правления	Ж.Тулегенова		
Директор Департамента учета и отчетности пенсионных активов	З.Катипова		
Директор Юридического департамента	А.Бимен		
Заместитель директора Департамента учета и отчетности пенсионных активов	А.Тусеева		
Заместитель директора Юридического департамента	М.Сыздыкова		
Начальник Управления учета и отчетности финансовых инструментов ДУОПА	И.Лигай		
Ведущий специалист Управления учета и отчетности финансовых инструментов ДУОПА	Д.Ниетбаева		
Главный специалист Управления правового обеспечения пенсионной деятельности ЮД	Д.Тналина		

Прошнуровано и пронумеровано на 22 (двадцати двух) листах
Тігілген және нөмірленген 22 (жиырма екі) парақта

Председатель Правления/
Басқарма Төрағасы



Handwritten notes in blue ink on the right side of the page, including the number "22" and several illegible scribbles.